

## **Лицензиялау жүйесін жетілдіру мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия құру туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 4 наурыздағы N 268 қаулысы.  
Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.03.10. N 219 қаулысымен

Лицензиялау жүйесін жетілдіру және лицензиялауға жататын қызмет түрлерін оңтайландыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қосымшаға сәйкес құрамда Лицензиялау жүйесін жетілдіру мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия (бұдан әрі - Комиссия) құрылсын.
2. Қоса беріліп отырған Комиссия туралы ереже бекітілсін.
3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы  
Ү к і м е т і н і ң  
2 0 0 4 ж ы л ғ ы 4 н а у р ы з д а ғ ы  
N 2 6 8 қ а у л ы с ы н а  
қосымша

## **Лицензиялау жүйесін жетілдіру мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның құрамы**

**Ескерту. Құрамға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.07.26. N 794 қаулысымен.**

Мыңбаев - Қазақстан Республикасы Премьер-  
Сауат Мұхаметбайұлы Министрінің орынбасары, төраға  
Әйтекенов - Қазақстан Республикасының Экономика  
Қайрат Медібайұлы және бюджеттік жоспарлау вице-министрі,  
төрағаның орынбасары  
Мүсенова - Қазақстан Республикасының Экономика  
Галина Ақайқызы және бюджеттік жоспарлау министрлігі  
Салалық саясат және бағдарламалар  
департаментінің директоры, хатшы

Баймағанбетов - Қазақстан Республикасының Әділет  
Серік Нұртайұлы вице-министрі  
Лукин - Қазақстан Республикасының Индустрия  
Андрей Иванович және сауда вице-министрі  
Бодаубай - Қазақстан Республикасының Премьер-  
Данияр Болатұлы Министрі Кеңесінің Өндірістік сала  
және инфрақұрылым бөлімі кәсіпкерлік  
және тауар рыногы секторының  
меңгерушісі  
Айсағалиева - Қазақстан кәсіпкерлері форумының кеңесі  
София Серікбайқызы төрағасының орынбасары  
(келісім бойынша)  
Қазыбаев - Қазақстан Республикасының Индустрия және  
Айдар Қалымтайұлы сауда министрлігі Шағын бизнесті қолдау  
жөніндегі комитетінің төрағасы  
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы  
Ү к і м е т і н і ң  
2 0 0 4 ж ы л ғ ы 4 н а у р ы з д а ғ ы  
N 2 6 8 қ а у л ы с ы м е н  
бекітілген

## **Лицензиялау жүйесін жетілдіру мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия туралы ереже**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Лицензиялау жүйесін жетілдіру мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия (бұдан әрі - Комиссия) Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

2. Комиссия қызметінің басты мақсаты лицензиялау жүйесін жетілдіру және Қазақстан Республикасы уәкілетті мемлекеттік органдарының оларды беру тәртібін оңайлату жөніндегі ұсыныстарды әзірлеуден тұрады.

3. Комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің кесімдерін және өзге де нормативтік құқықтық кесімдерін басшылыққа алады.

### **2. Комиссияның міндеттері, функциялары мен құқықтары**

4. Комиссияның негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

- 1) лицензияланатын жаңа қызмет түрлерін (кіші түрлерін) қысқарту/енгізу жөніндегі ұсыныстарды қарау;
- 2) лицензиялау жүйесін оңтайландыру және оңайлату жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу;
- 3) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және нормативтік кесімдеріне лицензиялау жүйесін жетілдіру мәселелері бойынша қажетті өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі ұсыныстарды қарау.

5. Комиссияның негізгі функциялары мыналар болып табылады:

- 1) лицензиарлар мемлекеттік органдардың, жергілікті атқарушы органдардың, шаруашылық жүргізуші субъектілердің және қоғамдық бірлестіктердің ұсыныстарын талдауды жүзеге асыру және лицензиялау жүйесін жетілдіру мәселелері бойынша ұсынымдар әзірлеу;
- 2) лицензиялау саласында мемлекеттік саясатты жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды дайындау;
- 3) Комиссия құзыретіне жататын өзге де құқықтарды жүзеге асыру.

6. Комиссияның:

- 1) Қазақстан Республикасының Үкіметіне лицензиялау жүйесін жетілдіру мәселелері бойынша ұсыныстар мен ұсынымдарды енгізуге;
- 2) Комиссияның құзыретіне енетін мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен ұйымдарының өкілдерін (келісім бойынша) Комиссияның отырыстарына шақыруға және тыңдауға;
- 3) Комиссияның міндеттерін іске асыруға қажетті анықтамалық-ақпараттық және өзге де материалдарды Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен ұйымдарынан (келісім бойынша) сұрауға және алуға;
- 4) Комиссияға жүктелген міндеттер мен функцияларды жүзеге асыруға қажетті өзге де құқықтарға құқығы бар.

### **3. Комиссия жұмысын ұйымдастыру**

7. Комиссияның төрағасы оның қызметіне басшылық етеді, оның отырыстарында төрағалық етеді, оның жұмысын жоспарлайды, оның шешімдерінің іске асырылуына жалпы бақылауды жүзеге асырады. Төраға болмаған уақытта оның функцияларын орынбасары орындайды.

8. Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі Комиссияның жұмыс органы болып табылады.

9. Комиссия отырысының күн тәртібі бойынша ұсыныстар, қажетті құжаттар, материалдар дайындауды және отырыстан кейін хаттама ресімдеуді Комиссияның хатшысы жүзеге асырады.

10. Комиссия отырысын өткізуге материалдар дайындауды Комиссия хатшысы жүзеге асырады, ол отырысқа дейін кемінде 3 күн бұрын Комиссия мүшелеріне барлық қажетті құжаттарды жібереді.

11. Комиссияның отырыстары қажеттігіне қарай және жарты жылда кемінде бір рет өткізіледі. Комиссияның отырысы Комиссия мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысқан кезде заңды болып саналады.

12. Комиссияның шешімдері ашық дауыс беріп қабылданады және егер оған Комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілігі дауыс берген болса, қабылданды деп саналады, Комиссия отырысының хаттамасымен ресімделеді және ұсынымдық сипатта болады. Дауыстар тең болған кезде төраға шешуші дауысқа ие болады.

Комиссия мүшелерінің ерекше пікірге құқығы бар, ол білдірілген жағдайда жазбаша түрде жазылуы және Комиссияның есеп хатына қоса берілуі тиіс.

13. Комиссияның шешімдері Қазақстан Республикасының мүдделі мемлекеттік органдары мен ұйымдарына Комиссия отырыстарының хаттамаларынан үзінді көшірмелер түрінде жеткізіледі.